

«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы» МКҚК

«Жарқыра шырша!»

«Еркетай» кіші тобы



Тәрбиешілері: Оразова М.Н

Кетебаева Г.С

2022-2023 ж

Әуен қосылып балалар залға кіреді.

Жүргізуші:

Шаттанамыз бәріміз,

Өлеңде әзір ән әзір.

Кел жаңа жыл біздерге

Кел жаңа жыл, жаңа жыл.

Сәлеметсіңдер ме құрметті қонақтар! Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жылға арналған «Жарқыра шырша» атты ертеңгілігімізге қабыл алыңыздар! (балалар қол ұстасып шыршаны айналады)

Ән «Әппақ, әппақ»

Қане,қане балалар

Бәрің бермен қарашы

Шырша қандай әдемі

Сәлеметсіңбе жасыл шырша

Жүргізуші: Балалар шырша туралы қандай тақпақ білесіңдер

1. Жасыл желек жамылған

Асыл моншақ тағылған **Сайын Нұрай**

Міне, сұлу шыршамыз

Көптен күтіп сағынған **Ерболат**

2. Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса **Зере**

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса **Дарын**

(балаларды орындарына отырғызу)

Жүргізуші: Балалар, жарайсыңдар. Айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?
(Балалардың жауабы) Аяз ата, Ақшақар дұрыс балалар

Жүргізуші: Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 - рет

Аяз ата: Аяз Ата:

Құтты болсын, балалар

Келген Жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелеп қыз, ұлдарым

өткен жылы келіп ем

Бәріңді де көріп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді беріп ем

Ойларың мен бойларың да

Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Ал, мен кіммін айтыңдаршы

Мені тани алдыңдар ма?

Балалар: Аяз ата

Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіңдірер маңайды

Ақшақармын арайлы
Жалт - жүлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, аяз ата, ақшақар жол жүріп келдіңіздер отырып дем алыңыз. Біздің балаларымыздың ақ тілектерін қабыл алыңыздар.

1. Сақалы аппақ күмістей

Тістері аппақ күріштей **Ханшайым**

Қызыл ала шапаны

Сағындым аяз атаны **Батихан**

2. Көрдiңбе Аяз атаны

Аппақ екен сақалы

Аппақ екен мұртыда

Аппақ екен шапаны **Айкөркем**

3. Кел жаңа жыл біздерге,

Кел жаңа жыл, жаңа жыл **Көзайым**

Қызыл ала шапаны

Сағындым Аяз атаны **Мирас**

Аяз ата: Ақшақар қызым ау мына шырша шамдары жағылмаған екен қане балалармен шырша шамын жағайық.

Моншақтары тізілген

Шырша шамы жан, жан 1, 2, 3

Жүргізуші:

Әсем ән де, би де бар

Отыр ата, сәл дем ал.

Аяз ата шаршап қалған боларсыз отырып демалып, біздің ақшақарларымыздың «Ұлпақарлар» биін тамашалаңыз

Аяз ата: ой балалар өркендерің өссін қандай әдемі тамаша жарайсыздар!

Жүргізуші: Аяз ата сізге біздің балалардың айтар тақпақтары бар екен:

1. Жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр **Бекмұрат Нұрай**

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр **Рамазан**

Аяз ата: Ой балалар жарайсыңдар

Ақшақар: Аяз ата, аяз ата.

Аяз ата: Не болды ақшақар қызым?

Ақшақар: Біреу шырша қасында ұйықтап жатыр.

Аяз ата: Бұл аю ғой ұйықтап жатқан. Қане, балалар аюды оятайық.

Бізбен бірге жаңа жыл мерекесін тойласын.

Жүргізуші: Балалар қол шапалақтап, аяғымызды топылдатып аюды оятайық.

Әуен қосылып

Аю: Ой мен ұйықтап қалыпшын ғой, мынау деген әсем шыра көңілді балалар сендер қандай мереке тойлап жатсындар?

Жүргізуші: Аю сен ренжіме ұйқыдан оятты деп бүгін мереке кел біздің балалармен бірге ән шырқап көңіл көтер

Ән: «Аққала»

Аю: Рахмет балалар сендерге ұйқыдан оятқандарына мен енді өз достарыма барып оларды да мерекелерімен құттықтайын. Сау болыңдар!

Балалар отырады.

Жүргізуші: Балалар бізге қонаққа біреу келе жатқан сияқты, тыңдаңдаршы, бір дауыс естіп тұрмын.

Ол кім болды екен? Сендер де естідіңдер ме?

Музыкамен залға қоян секіріп келеді.

Қоян: Мен қоянмын, қоянмын,

Ақ түске мен бояндым.

Сәбіз берсең балалар,

Әдемілеп тоямын.

Секіремін, жүгіремін,

Сендерге қарай келемін.

Қоян: қандай әсем шырша қандай әдемі балалар

Жүргізуші: Ұзын құлақ сұр қоян, сен қайдан келдің қайдан жүрсін

Қоян: Балалар биыл менің жылым сондықтан мен сендерді жаңа жыл мерекесімен құттықтауға келдім

Тәрбиеші: Олай болса қоян сен бізбен бірге жаңа жалды қарсы ал.

Қоян: Ия Ия бірге болуға келдім және өзіммен бірге өнерімді ала келдім.

Би: «Қояндар» ұлдар

Ойын: «Қар домалату»

Аяз ата: Ой, бәрежелді балаларым! Әсем ән шырқап, би билеп аталарыңды бір қуантып тастадыңдар, көп рахмет. Мына сыйлықтарыңды апайларың өзі таратып береді. Енді біз ақшақар екеуіміз қайтайық. Бізді басқа балалар күтіп отыр, сау болыңдар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталды, көріп тамашалағандарыңызға рахмет. Жаңа жыл құт береке әкелсін, Жаңа жыл құтты болсын!



"Еркетай" кіші тобының "Жарқыра шырша" атты ертеңгілігі



"Еркетай" кіші тобының "Жарқыра шырша" атты ертеңгілігі





"Еркемай" кіші тобының "Жарқыра шырша" атты ертеңгілігі





